



**Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті**

**және**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

**арасындағы ынтымақтастық туралы**

**КЕЛІСІМШАРТ**

## **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМШАРТ**

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.), атынан Басқарма Төрағасының м.а. – Ректор, география ғылымдарының докторы, профессор **Баймырзаев Қуат Маратұлы** және «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.), атынан Басқарма Төрағасының м.а. – Ректор, педагогика ғылымдарының докторы, академик **Балықбаев Такир Оспанұлы**, Жарғылардың негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, төмендегілер жайында осы Келісімшартты жасасты:

### **1. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ МӘНІ**

- 1.1. Тараптар арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыру және нығайту мақсатында білім беру, ғылым және мәдениет салаларында кадрлар даярлау тәжірибесімен және мамандар даярлаудың жаңа технологиялары туралы ақпаратпен алмасу, бірлескен жұмыстар жүргізу үшін білімгерлермен, оқытушылармен және ғылыми кадрлармен алмасуды жүзеге асыру.
- 1.2. Осы Келісімшарт Тараптардың әртүрлі факультеттері/институттары/кафедралары арасында жасалған барлық келісімдердің негізін қамтамасыз етеді.

### **2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

Тараптар өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- 2.1. Білім алушылардың және профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру (студенттердің, магистранттардың және PhD докторанттардың);
- 2.2. Тараптардың білімгерлерін, магистранттарын және PhD докторанттарын іс тәжірибеден және ғылыми тағылымдамадан өту мүмкіндігімен қамтамасыз ету;
- 2.3. Бірлескен білім беру бағдарламаларын, оның ішінде қос диплом бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 2.4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде кеңес беру;
- 2.5. Өзекті тақырыптар бойынша бірлескен ғылыми-инновациялық зерттеулерді ұйымдастыру, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға жәрдемдесу, университеттер арасындағы байланыстарды дамыту және қолдау;
- 2.6. Түрлі деңгейдегі бірлескен конференциялар, симпозиумдар, семинарлар ұйымдастыруға, жарияланымдармен және басқа да ғылыми материалдармен алмасуға, сондай-ақ өткізілетін өзге де ғылыми іс-шаралар туралы бір-бірін хабардар ету;
- 2.7. Тараптардың өзара келісілген бағдарламалары бойынша университет мамандарының біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;
- 2.8. Келісілген бағдарламалар бойынша зерттеушілердің ғылыми тағылымдамаларын өткізу үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- 2.9. Қызметкерлерге ғылыми зерттеулер мақсатында кітапханаларды пайдалану мүмкіндігін беру.

### **3. БАСҚА ШАРТТАР**

- 3.1. Осы Келісімшарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша ұсынылуы мүмкін ынтымақтастықтың басқа нысандарын жоққа шығармайды;
- 3.2. Екі Тарап осы Келісімшарттың тармақтарына енгізілмеген ынтымақтастықтың басқа да түрлерін қолдайды, олар бойынша шешім Тараптардың әрқайсысы жеке тәртіппен қабылданады;

- 3.3. Осы Келісімшартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда орындалса және оған екі университеттің уәкілетті тұлғалары қол қойған және түпнұсқада ұсынылған жағдайда ғана жарамды; жекелеген жобалар бойынша Тараптар осы Келісімшартқа қосымшаға қол қоя алады.
- 3.4. Осы Келісімшарт Тараптар арасында қандай да бір заңды немесе қаржылық қатынастар орнатпайды. Осы Келісімшартта Тараптар өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту ниеті туралы мәлімдейді. Тараптар міндетті ережелер мен қаржылық мүмкіндіктерге сәйкес тараптардың міндеттерін, қаржыландыру әдістерін айқындайтын ынтымақтастық туралы егжей-тегжейлі келісімшарт дайындайды және оларды іске асыруға жауапты адамдарды тағайындайды;
- 3.5. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімшарттан туындайтын зияткерлік меншік құқықтарын олардың заңдарына, қағидаларына және ережелеріне сәйкес тиісінше қорғалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді;
- 3.6. Осы Келісімшартқа сәйкес алмасу жүргізілетін барлық ақпарат пен құжаттарды Тараптар құпия түрде сақтайтын болады және Тараптардың әрқайсысы көрсеткен шарттарда пайдаланылуы мүмкін. Тараптар ақпаратты екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз көрсетілген мақсаттардан өзгеше мақсаттарда пайдалана алмайды.

#### 4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 4.1. Осы Келісімшарт бірдей заңды күші бар екі данада жасалды;
- 4.2. Барлық даулар мен келіспеушіліктер қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешіледі;
- 4.3. Осы Келісімшарт оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімге жасалады;
- 4.4. Тараптардың кез келгені бұл туралы екінші Тарапты бір ай бұрын алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

#### 5. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ҚОЛДАРЫ

**І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,**

040009, Талдықорған қ.,

І. Жансүгіров көшесі 187а

Қазақстан Республикасы

<http://zhysu.edu.kz/>

**Басқарма төрағасының м.а. – Ректор**

**Баймырзаев Қуат Маратұлы**

«    » \_\_\_\_\_ ж.



**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

050010, Алматы қ.,

Достық даңғылы, 13

Қазақстан Республикасы

<https://www.kaznpu.kz/kz/>

**Басқарма төрағасының м.а. – Ректор**

**Балықбаев Такир Оспанұлы**

«    » \_\_\_\_\_ ж.

